Облигациялардың айналысы басталған күнгі жағдай бойынша олардың номиналды құны 1 000 (бір мың) теңгені құрайды. Екінші айналым жылы аяқталғаннан кейін және одан кейін әрбір айналым жылының қорытындысы бойынша аяқталған купондық кезең үшін сыйақы төлеумен бір мезгілде Эмитент номиналды құнның бір бөлігін төлейді, соның нәтижесінде Облигациялардың айналыс мерзімі, олардың номиналдық құны осы проспектіге № 1 қосымшада көрсетілген тәртіппен төмендейді.

3.3. *Облигациялардың саны:*

20 000 000 (жиырма миллион) дана.

3.4. *Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:*

20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге.

3.5. *Облигациялар бойынша номиналды құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:*

Барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеуді) Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) жүзеге асырады.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, Облигациялар бойынша негізгі борыш сомасының және (немесе) есептелген сыйақының төленуі Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгедегі банк шоты болған кезде теңгемен жүргізілетін болады.

Эмитент тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушыдан - Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда, төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені тек АҚШ Долларына және Еуроға ғана айырбастауға жол беріледі. Аталған айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ Долларына және Еуроға айырбастау Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасы бейрезиденті есебінен жүргізіледі. Айырбастау кезінде туындайтын Эмитент шығындары



Облигацияларды ұстаушыға – Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударылуға жатып сомадан ұсталып қалатын болады.

Облигацияларды ұстаушының – Қазақстан Республикасы бейрезидентінің пайдасына Облигациялар бойынша төлем жасау кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.

#### 4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:

Осы шығарылым Облигацияларының ақысы қолма-қол ақшасыз нысанда төленетін болады.

#### 5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

##### 5.1. Облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесі және ол болған жағдайда қосымша сыйақы:

Облигациялар бойынша купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі айналыстың бүкіл мерзіміне тіркелген болып табылады және Биржа қағидаларына сәйкес өткізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда – саттықтарды (бұдан әрі – **"Бірінші өткізілген сауда-саттық"**) өткізу қорытындылары бойынша айқындалатын болады.

Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесінің мөлшері туралы ақпарат Биржаның интернет-ресурсында жарияланатын болады ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)).

Облигациялар бойынша купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі айналымның бүкіл мерзіміне тиянақталған болып табылады және Биржаның қағидаларына сәйкес өткізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша бірінші болып өткізілген сауда – саттықты (бұдан әрі – **«Бірінші өткізілген сауда-саттық»**) өткізу қорытындылары бойынша айқындалатын болады.

Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесінің мөлшері туралы ақпарат Биржаның интернет-ресурсында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жарияланатын болады.

Облигациялар бойынша қосымша сыйақы төлеу қарастырылмаған.

##### 5.2. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні:

Облигациялар бойынша сыйақының төленуі Облигациялар айналымының барлық мерзімі ішінде Облигациялар айналымының басталған күнінен бастап әрбір 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет жүргізіледі.

##### 5.3. Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталған күн:

Сыйақының есептелуі Облигациялар айналымы басталған күннен бастап жүзеге асырылады және Облигациялар айналымы мерзімінің соңғы күні аяқталады.

##### 5.4. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында Эмитенттің Облигацияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – **«Тіркеу күні»**) төленеді.

Облигациялар бойынша купондық сыйақының төленуі Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен жүзеге асырылады (соңғы купондық кезеңдегі сыйақыны қоспағанда).

Купондық сыйақы тиісті купондық кезең үшін осы проспектінің №1 Қосымшасында көрсетілген номиналды құнның және купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі. Соңғы купондық кезең үшін сыйақы төлеу Облигацияларды өтеу кезінде олардың номиналды құнын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

##### 5.5. Облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі:

Облигациялар бойынша сыйақының төленуі барлық айналым кезеңі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыттық база есебімен жүзеге асырылады.

#### 6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын



**шығарған кезде:**

Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

**7. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:**

Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

**8. Облигацияларды орналастыру талаптары және тәртібі:**

*8.1. Облигацияларды орналастырудың басталған күні:*

Облигацияларды орналастыру Облигациялар айналымы басталған күннен бастап олардың бүкіл айналым мерзімі ішінде жүргізіледі.

*8.2. Облигацияларды орналастырудың аяқталған күні:*

Облигациялардың айналым мерзімінің соңғы күні Облигацияларды орналастыру аяқталатын күн болып табылады.

*8.3. Облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):*

Облигацияларды орналастыру Биржаның сауда жүйесінде (ұйымдастырылған нарық) сауда арқылы жүзеге асырылады.

**9. Облигацияларды айналысқа жіберу талаптары және тәртібі:**

*9.1. Облигацияларды айналысқа жіберудің басталған күні:*

Биржаның сауда жүйесінде Облигацияларды орналастыру бойынша Бірінші өткізілген саудасаттықты өткізу күні. Облигациялар айналымы басталатын күн туралы ақпарат Биржаның интернет-ресурсында жарияланатын болады ([www.kase.kz](http://www.kase.kz))

*9.2. Облигацияларды айналысқа жіберудің аяқталған күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды):*

Облигациялардың айналым кезеңінің соңғы күні.

*9.3. Облигациялардың айналыс мерзімі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды):*

Облигациялардың айналым мерзімі Облигациялар айналымы басталған күннен бастап 7 (жеті) жылды құрайды.

*9.4. Облигацияларды айналысқа жіберу жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):*

Облигациялар айналымы ұйымдастырылған бағалы қағаздар нырғында да, ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында да жоспарланған.

**10. Облигацияларды өтеу талаптары және тәртібі:**

*10.1. Облигацияларды өтеу күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды):*

Облигациялардың өтеу мерзімі Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күнді құрайды.

*10.2. Облигацияларды өтеу тәсілі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды):*

- 1) Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны қоса алғанда, облигацияларды өтеуге арналған ақшаны Эмитент Облигацияларды ұстаушылар тізімін қоса бере отырып, Облигацияларды өтеуге арналған соманы есептеу үшін "Бағалы қағаздардың орталық депозитарий" АҚ-да ашылған шотқа аударады, облигациялардың әрбір ұстаушысына төленуге тиісті сома туралы ақпаратты камтитын ақпарат;



2) Осы шарттармен белгіленген облигацияларды өтеу мерзімі аяқталатын күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде не өзге мерзімде, егер өзге мерзім қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тиісті нормативтік құқықтық актісінде белгіленген болса, Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына Эмитенттен алынған ақшаны "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ аударымды жүзеге асырады.

Негізгі борыш сомасы оны алуға құқығы бар және Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінің басында (Эмитенттің Облигацияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) төленеді.

Облигациялар бойынша негізгі қарызды төлеу қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүзеге асырылады.

10.3. *Егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға отуді іске асыру тәртібі келтіріледі:*

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнның төленуі басқа мүліктік құқықтармен жүргізілмейтін болады.

**11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда:**

Облигациялар шығарылымы үшін «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – «**Бағалы қағаздар рыногы туралы заң**») 15 және 18-4-баптарымен белгіленбеген қосымша сатып алу шарттары жоқ.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасымен эмитенттердің бастамасымен облигацияларды сатып алу тәртібі көзделмегендігін ескере отырып, бұл тармақ Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібінің, шарттары мен мерзімдерінің сипаттамасын қамтиды.

11.1. *Облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, талаптары:*

Облигациялардың бүкіл айналым мерзімі ішінде Эмитент оның Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Облигацияларды ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында сатып алуды («**Облигацияларды сатып алу**») жүзеге асыруға құқылы.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алу Бағасы, Сатып алу тәртібі, шарттары мен мерзімі Эмитенттің Директорлар Кеңесінің тиісті шешімімен айқындалатын болады.

Сатып алынған Облигациялар өтелген деп саналмайды және оларды Эмитент қайта сата алады.

11.2. *Облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі көрсетіледі:*

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, сатып алуды Эмитент мұндай шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырады.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесі мұндай шешім қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті ақпараттық хабарды Эмитенттің ішкі актілерімен, Биржаның ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына ақпарат орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіппен Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарына орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізілетін болады. Хабарламада Облигацияларды сатып алу тәртібінің, шарттарының сипаттамасы және жүзеге асырылатын күні көрсетілуі тиіс.

Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылғаннан кейін, орналастырылған (сатып алынғандарды қоспағанда) Облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент Биржаның ішкі қағидаларына сәйкес ашады.



## 12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

### 12.1. Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

- а) Эмитент пен Биржаның арасында жасалған листингтік шартта және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;
- б) Эмитент пен Биржаның арасында жасалған листингтік шартта және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі жөніндегі аудиторлық есептерді ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;
- в) Эмитенттің кредиттік рейтингінің Fitch Ratings рейтингілік агенттігінің шәкілі бойынша «BB-» деңгейінен немесе Standard & Poor 's немесе Moody' s басқа халықаралық рейтингілік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингінен төмен түсуіне жол бермеу (Эмитенттің кредиттік рейтингінің төмендеуі Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінің төмендеуі нәтижесінде болған жағдайларды қоспағанда);
- г) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ/Қазақстан Республикасы Үкіметінің Эмитент акцияларының бақылау пакетін (50% + 1 жай акция) тікелей не жанама иелену үлесінің төмендеуіне және/немесе Эмитентті бақылауды жоғалтуына немесе Эмитенттің қызметіне өзгедей түрде әсерін жоғалтуға жол бермеу.

### 12.2. Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитент іс-әрекетінің тәртібі:

Осы тармақпен көзделген қосымша ковенанттар (шектеулер) бұзылған жағдайда, Эмитент бұзушылық басталған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзушылықтың пайда болу себебін, аталмыш бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін толық сипаттай отырып, тиісті хабарды Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарына орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізетін болады.

Облигацияларды ұстаушылардан сатып алу туралы бірінші жазбаша талапты алған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша немесе қандай шама неғұрлым жоғары болып табылатынына қарай Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды.

Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу күні туралы шешім қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент тиісті хабарды Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарына орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушыларды алдағы болатын Облигацияларды сатып алу күні туралы хабардар етеді.

Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент Облигацияларды ұстаушыдан Облигацияларды сатып алу туралы бірінші жазбаша талапты алған күннен бастап күнтізбелік 50 (елу) күннен асырмай жүзеге асырады.

Сатып алу тек Облигацияларды ұстаушылардың берген жазбаша өтініштері негізінде ғана жүргізілетін болады.

### 12.3. Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигация ұстаушылар іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі:

Осы тармақпен көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін Эмитенттің бұзуы туралы ақпарат бірінші жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылар Эмитентке оларға тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы тиісті жазбаша талапты ұсыну арқылы оларға тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап кетуге құқылы.

Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді:



- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) берілген күні және оны берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны және түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының тегі, аты және егер болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні, берген орган; тұрғылықты жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны және түрі.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылар осы проспектіде көрсетілген айналым мерзімі аяқталған соң, оларға тиесілі Облигацияларды өтеуге құқылы.

**13. Конвертацияланатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:**

Бұл шығарылымның облигациялары айырбасталатын болып табылады.

**14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:**

Облигациялардың бұл шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

**15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген тұлғаның деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе).**

Облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.

**16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері.**

Облигациялар инфрақұрылымдық облигациялар болып табылмайды.

**17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:**

Облигацияларын орналастырудан түскен қаражатты лизингке беру үшін әртүрлі ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды қаржыландыруға және Эмитенттің міндеттемелеріне қызмет көрсетуге жұмсау жоспарлайды.

Облигациялары «жасыл» облигациялар, әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялар, инвестициялық облигациялар немесе орнықты дамуға байланысты облигациялар болып табылмайды.

**18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.**

Облигацияларға ақы төлеу талап ету құқықтарымен жүзеге асырылмайды.

**19. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:**

Облигацияларды ұстаушылардың мынадай құқықтары бар:

- 1) осы проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды алу құқығы;
- 2) Облигациялар бойынша осы проспектіде көзделген мерзімдерде және мөлшерде олардың номиналды құнының тіркелген пайызын алу құқығы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында және Биржаның талаптарында көзделген тәртіпте Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен



- Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- 5) осы проспектіде белгіленген жағдайларда Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуға өтінім жасау құқығы ;
  - 6) Облигацияларды еркін сату және өзге де жолмен билік ету құқығы;
  - 7) Эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы проспектіде көзделген жағдайларда Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы;
  - 8) Облигацияларға деген меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

*Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оның ішінде осы проспектімен көзделген ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде, Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын талап ету құқығын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімі*

Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздердің кез келгені басталған кезде Эмитент орналастырылған Облигацияларды мынадай бағалардың ең үлкені бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті: (1) жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны немесе (2) Облигациялардың нарықтық бағасын ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға, Биржаның сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған (мұндай баға болған кезде).

Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың кез келгені туындаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ішкі құжаттарымен, Биржаның ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына ақпарат орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілермен белгіленген тәртіпте тиісті хабарды Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарына орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушыларды Облигацияларды сатып алу туралы хабардар етеді. Аталған хабар мыналарды қамтуы тиіс: (i) облигацияларды сатып алуға әкелетін осы оқиғалардың қайсысы орын алғаны туралы ақпарат; (ii) эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарын атау; (iii) Эмитенттің шешімі бойынша басқа да ақпаратты.

Облигацияларды ұстаушылардың кез келгені Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың кез келгенінің басталуы туралы хабар бірінші жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитентке (Эмитенттің орналасқан мекенжайы бойынша) оған тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы тиісті жазбаша талап ұсыну арқылы оған тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Облигацияларды ұстаушы мынадай деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда жазбаша талап береді:

- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) берілген күні және оны берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны және түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының тегі, аты және, егер болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және құжатты берген орган; тұрғылықты жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны және түрі.

Облигацияларды ұстаушылардың оларға тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптарын қабылдау кезеңі аяқталғаннан кейінгі күнтізбелік 45 (қырық бес) күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алуға жататын Облигацияларды сатып алу күніне және санына нұсқау қамтылған Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Сатып алуға жататын Облигациялардың санын тек Облигацияларды ұстаушылардың берген сатып алу туралы жазбаша талаптары негізінде ғана Эмитент анықтайды.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ішкі құжаттарымен, Биржаның ішкі құжаттарымен





және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына ақпарат орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілермен белгіленген тәртіпте тиісті хабарды Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарына орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушыларды бұл туралы туралы хабардар етеді.

Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауы туралы хабар бірінші жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асыруға тиіс.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылар осы проспектіде көрсетілген айналым мерзімі аяқталған соң, оларға тиесілі Облигацияларды өтеуге құқылы.

Эмитент осы проспектімен көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда, сондай-ақ осы проспектінің 12 және 20-тармақтарында көзделген Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттің оларға тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімі.

## **20. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:**

### *20.1. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:*

Дефолт – Эмитенттің Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамауы.

Облигациялар бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «**Дефолт оқиғасы**») осы проспектіде көзделген негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу мерзімдері өткеннен кейін Эмитенттің Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша міндеттемелерді ішінара және (немесе) толық орындамауы болып табылады.

Осы проспектімен белгіленген мерзімде Эмитенттің сыйақыны және (немесе) Облигациялардың номиналды құнын төлемеуі немесе толық төлемеуі Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды, егер мұндай төлемеу және (немесе) толық төлемеу Эмитенттің сыйақыны және (немесе) номиналды құнды төлеуді жүзеге асыруын мүмкін етпейтін Облигацияларды ұстаушылардың банк шоттарының күмәнді немесе толымсыз деректемелерін алуының нәтижесі немесе «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-ның Эмитентке заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімде Облигацияларды ұстаушылар тізілімін ұсынбауының нәтижесі болса.

### *20.2. Облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар:*

Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бір бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін, мерзімі өткен әрбір күн үшін Облигацияларды ұстаушылардың пайдасына өсімпұл есептеуге және төлеуге міндетті.

Эмитент осы проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер мұндай орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса. Еңсерілмейтін күш жағдайлары деп басталуын алдын ала болжау немесе болдырмау мүмкін болмаған жағдайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т. б.) түсініледі. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақыт кезеңіне мөлшерлес етіп кейінге шегеріледі.

Дефолт оқиғасының басталуы туралы ақпараттық хабар бірінші жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету



құқығын) сатып алу туралы Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша талаптарын (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Дефолт оқиғасының басталуы туралы ақпараттық хабар бірінші жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне басқа мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және (немесе) Облигацияларды ұстаушылардың алдындағы өзінің міндеттемелерін қайта құрылымдау бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы мәселе енгізілуі тиіс, ол олардың ұстаушыларымен сатып алуға мәлімделген Облигациялардың (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарының) көлемі және (қажет болған кезде) Облигациялар шығарылымының проспектісіне ықтимал өзгерістер жобасы ескеріле отырып жасалуға тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындысы бойынша Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және (немесе) Облигацияларды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелерді қайта құрылымдау бойынша іс-шаралар жоспары бекітілмеген жағдайда және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкінсіздігі туралы және (немесе) Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелерін қайта құрылымдау мүмкінсіздігі туралы шешім қабылданған жағдайда, сондай-ақ егер кредиторлардың талаптарын борышкер толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімде Эмитент негізгі борыш сомасын және (немесе) Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу бойынша және Облигацияларды ұстаушылардың алынған жазбаша талаптары бойынша Облигацияларды сатып алу бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаса, Эмитенттің және Облигацияларды ұстаушылардың (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың) одан арғы әрекеттері Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық жөніндегі заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындысы бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигациялармен олардың ұстаушысына берілетін құқықтар ескеріле отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

*20.3. Эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі:*

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою үшін және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күшін салады. Дефолт оқиғасы басталған жағдайда Эмитент Дефолт оқиғасы туындаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ішкі құжаттарымен, Биржаның ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына ақпарат орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілермен белгіленген тәртіпте тиісті хабарды Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарына орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушыларды Дефолт оқиғасы туралы хабардар етеді. Хабарлама мыналарды қамтуы тиіс:



- i. дефолт фактісі туралы ақпаратты;
- ii. дефолттың туындау күніне Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемін;
- iii. Дефолт оқиғасының туындауына әкеп соққан міндеттемелердің орындалмау себептерін;
- iv. Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімін қоса алғанда, Облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдар тізбесін;
- v. Эмитенттің Дефолт оқиғасының басталуын туындатқан себептерді жою үшін қолданған немесе қолданатын шараларын;
- vi. Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпаратты.

Өзге заңды тұлғаға аталған ақпаратты ашуды тапсыру көзделмеген.

**20.4. Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні:**

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалар - жоқ.

**21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы:**

Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы проспектінің №2-қосымшасында ұсынылған.

**22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):**

Бұл шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар болып табылмайды, осыған байланысты, Облигацияларды ұстаушылардың өкілі көзделмеген.

**23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):**

Облигациялар бойынша төлем агенті жоқ.

**24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):**

**24.1. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:**

- толық атауы: «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы;
- қысқартылған атауы: «Фридом Финанс» АҚ.

**24.2. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері:**

- орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7 үй, н.п. За;
- байланыс телефонының нөмірі: +7 (727) 311-10-64, ішкі 502, 616, 342.


**24.3. Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі:**

2023 жылғы 22 мамырдағы № ФФ-22052023-1 Андеррайтер қызметтері туралы келісім.



Эмитент облигацияларды шығару кезінде басқа консультанттардың қызметін пайдаланған емес.

**Басқармасының Төрағасы**



**Прашев А.Г.**



Қосымша №1. Облигациялардың номиналды құнының өзгеру кестесі

Теңге

Купондық кезеңнің №	Барлық купондық кезеңнің басына және кезеңіне арналған және тиісті купондық кезең үшін сыйақы есептеу үшін қолданылатын номиналды құн	Осы купондық кезең үшін сыйақымен бір мезгілде төленген номиналды құнның бөлігі	Купондық кезеңнің соңындағы номиналды құн
1	1 000,00	—	1 000,00
2	1 000,00	—	1 000,00
3	1 000,00	—	1 000,00
4	1 000,00	167,00	833,00
5	833,00	—	833,00
6	833,00	167,00	666,00
7	666,00	—	666,00
8	666,00	167,00	499,00
9	499,00	—	499,00
10	499,00	167,00	332,00
11	332,00	—	332,00
12	332,00	167,00	165,00
13	165,00	—	165,00
14	165,00	165,00 <sup>1</sup>	—

<sup>1</sup> Осы бөлікті 14-ші купондық кезеңнің басындағы номиналды құн мөлшерінде төлеу облигацияларды өтеу болып табылады.



**№2-қосымша. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін әрбір сыйақы төлеу кезеңі бөлінісінде сыйақыларды төлеуге және негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті эмитенттің ақшалай қаражатының көздері мен ағындарының болжамы**

Млн теңге

Көрсеткіштер атауы	Түзуінің коды	2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл		2026 жыл		2027 жыл		2028 жыл		2029 жыл		2030 жыл
		1 ж/ж	2 ж/ж	1 ж/ж	2 ж/ж	1 ж/ж	2 ж/ж	1 ж/ж	2 ж/ж	1 ж/ж	2 ж/ж	1 ж/ж	2 ж/ж	1 ж/ж	2 ж/ж	1 ж/ж
<b>I. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>																
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы (011 бастап 016 дейін жол-н сомасы)	10	79 360	83 033	89 383	89 383	108 304	108 304	126 924	126 924	144 084	144 084	161 019	161 019	179 185	179 185	196 159
соның ішінде:																
тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сату	11	41 644	38 476	40 185	40 185	48 696	48 696	57 522	57 522	65 605	65 605	74 260	74 260	85 156	85 156	96 050
өзге де түсім	12	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар	13	12 143	13 357	13 875	13 875	15 000	15 000	16 125	16 125	17 250	17 250	18 375	18 375	19 500	19 500	20 625
сақтандыру шарттары бойынша түсімдер	14	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
алынған сыйақылар	15	25 573	31 200	35 324	35 324	44 608	44 608	53 277	53 277	61 228	61 228	68 384	68 384	74 529	74 529	79 484
өзге де түсімдер	16	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
2. Ақша қаражаттарының шығуы, барл. (021 бастап 027 дейін жол-н сомасы)	20	85 630	129 871	122 085	122 485	139 941	140 353	156 153	156 565	171 226	171 638	186 525	186 537	201 797	201 809	214 835
соның ішінде:																
өнім берушілерге тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін төлемдер	21	66 759	111 022	92 500	92 500	100 000	100 000	107 500	107 500	115 000	115 000	122 500	122 500	130 000	130 000	137 500
тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің өнім берушілеріне берілген аванстар	22	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
қарыздар беру	27	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
басқа да төлемдер	28	18 871	18 849	29 585	29 985	39 941	40 353	48 653	49 065	56 226	56 638	64 025	64 037	71 797	71 809	77 335
оның ішінде Облигациялар бойынша сыйақы төлеу		-	1 925	1 925	1 925	1 925	1 604	1 604	1 282	1 282	961	961	639	639	318	318
3. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (010 жол – 020 жол)	30	-6 270	-46 838	-32 702	-33 102	-31 637	-32 049	-29 229	-29 641	-27 142	-27 554	-25 506	-25 518	-22 613	-22 624	-18 677
<b>II. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>																
1. Ақша қаражатының түсуі, барл. (041 бастап 051 дейін жол-н сомасы)	40	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
соның ішінде:																
негізгі құралдарды сату	41	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
бейматериалдық активтерді сату	42	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
басқа да ұзақ мерзімді активтерді сату	43	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
басқа ұйымдардың (еншілес ұйымдардан басқа) үлестік құралдарын және қаржы активтерінің бірлескен кәсіпкерлігіне қатысу үлестерін өткізу	44	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
басқа ұйымдардың борыштық құралдарын өткізу	45	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
еншілес ұйымдарды бақылауды жоғалтқан кездегі өтеу	46	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
басқа да қаржы активтерін сату	47	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	48	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
алынған дивидендтер	49	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
алынған сыйақылар	50	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Басқа да түсімдер	51	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
2. Ақша қаражатының шығуы, барл. (061 бастап 071 дейінгі жол-н сомасы)	60	101	157	190	190	195	195	228	228	228	228	260	260	296	296	336
соның ішінде:																
негізгі құралдар мен бейматериалдық активтерді сатып алу	61	101	157	190	190	195	195	228	228	228	228	260	260	296	296	336
басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	62	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-



Көрсеткіштер атауы	Түзіннің коды	2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл		2026 жыл		2027 жыл		2028 жыл		2029 жыл		2030 жыл
		1 ж/ж	2 ж/ж	1 ж/ж	2 ж/ж	1 ж/ж	2 ж/ж	1 ж/ж	2 ж/ж	1 ж/ж	2 ж/ж	1 ж/ж	2 ж/ж	1 ж/ж	2 ж/ж	1 ж/ж
басқа ұйымдардың (еншілес ұйымдардан басқа) үлестік құралдарын және бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлестерін сатып алу	63	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
басқа ұйымдардың борыштық құралдарын сатып алу	64	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
еншілес ұйымдарды бақылауды сатып алу	65	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
өзге қаржы активтерін сатып алу	66	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
қарыздар беру	67	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	68	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
қауымдасқан және еншілес ұйымдарға инвестициялар	69	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
басқа да төлемдер	70	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
<b>3. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (040 жол – 060 жол)</b>	<b>80</b>	<b>-101</b>	<b>-157</b>	<b>-190</b>	<b>-190</b>	<b>-195</b>	<b>-195</b>	<b>-228</b>	<b>-228</b>	<b>-228</b>	<b>-228</b>	<b>-260</b>	<b>-260</b>	<b>-296</b>	<b>-296</b>	<b>-336</b>
<b>III. ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСКЕН АҚШАҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>																
<b>1. Ақша қаражатының түсуі, барл. (091 бастап 094 дейінгі жол-ң сомасы)</b>	<b>90</b>	<b>40 000</b>	<b>30 000</b>	<b>71 645</b>	<b>71 645</b>	<b>76 189</b>	<b>76 189</b>	<b>71 972</b>	<b>71 972</b>	<b>83 569</b>	<b>83 569</b>	<b>117 727</b>	<b>117 727</b>	<b>132 960</b>	<b>132 960</b>	<b>119 952</b>
<b>соның ішінде:</b>																
акциялар мен басқа да қаржы құралдарының эмиссиясы	91	20 000	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
қарыздар алу	92	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
облигациялар шығарудан түсетін түсімдер	93	20 000	30 000	71 645	71 645	76 189	76 189	71 972	71 972	83 569	83 569	117 727	117 727	132 960	132 960	119 952
алынған сыйақылар	94	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
басқа да түсімдер	95	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
<b>2. Ақша қаражатының шығуы, барл. (101 бастап 105 дейінгі жол-ң сомасы)</b>	<b>100</b>	<b>36 640</b>	<b>22 027</b>	<b>37 361</b>	<b>29 249</b>	<b>43 600</b>	<b>41 289</b>	<b>42 276</b>	<b>39 787</b>	<b>58 887</b>	<b>53 375</b>	<b>98 345</b>	<b>90 089</b>	<b>123 620</b>	<b>114 142</b>	<b>95 351</b>
<b>соның ішінде:</b>																
қарыздарды өтеу	101	22 206	22 027	29 249	29 249	36 279	41 289	34 777	39 787	48 365	53 375	85 079	90 089	109 132	114 142	80 900
облигацияларды өтеу	102	-	-	-	-	3 340	-	3 340	-	3 340	-	3 340	-	3 340	-	3 300
сыйақыларды төлеу	103	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
облигациялар бойынша	104	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
дивидендтерді төлеу	105	14 434	-	8 112	-	3 981	-	4 159	-	7 182	-	9 926	-	11 148	-	11 151
меншік иелеріне ұйымның акциялары бойынша төлемдер	106	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
басқа да шығулар																
<b>3. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы (090 жол – 100 жол)</b>	<b>110</b>	<b>3 360</b>	<b>7 973</b>	<b>34 284</b>	<b>42 396</b>	<b>32 589</b>	<b>34 901</b>	<b>29 695</b>	<b>32 185</b>	<b>24 682</b>	<b>30 194</b>	<b>19 382</b>	<b>27 637</b>	<b>9 340</b>	<b>18 818</b>	<b>24 601</b>
<b>4. Валюталардың айырбастау бағамдарының теңгеге әсері</b>	<b>120</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<b>5. Ақша қаражатының ұлғаюы +/- азаюы (030 жол +/- 080 жол +/-110 жол)</b>	<b>130</b>	<b>-3 012</b>	<b>-39 022</b>	<b>1 393</b>	<b>9 104</b>	<b>757</b>	<b>2 656</b>	<b>239</b>	<b>2 316</b>	<b>-2 688</b>	<b>2 412</b>	<b>-6 384</b>	<b>1 860</b>	<b>-13 568</b>	<b>-4 102</b>	<b>5 588</b>
<b>6. Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	<b>140</b>	<b>64 764</b>	<b>61 752</b>	<b>22 730</b>	<b>24 123</b>	<b>33 227</b>	<b>33 984</b>	<b>36 640</b>	<b>36 878</b>	<b>39 194</b>	<b>36 506</b>	<b>38 918</b>	<b>32 534</b>	<b>34 394</b>	<b>20 826</b>	<b>16 724</b>
<b>7. Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	<b>150</b>	<b>61 752</b>	<b>22 730</b>	<b>24 123</b>	<b>33 227</b>	<b>33 984</b>	<b>36 640</b>	<b>36 878</b>	<b>39 194</b>	<b>36 506</b>	<b>38 918</b>	<b>32 534</b>	<b>34 394</b>	<b>20 826</b>	<b>16 724</b>	<b>22 312</b>





Прошито, пронумеровано и скреплено печатью  
32 (Девять-два) листов

